

## MODERN EDUCATION IS THE DEMAND OF TIME

ЖАҢАША БІЛІМ БЕРУ - ЗАМАН ТАЛАБЫ

**Mahmetova Janat SEIDINOV**

**Floyd Damejan ADILHANOVNA**

Master of Natural Sciences, Almaty, Kazakhstan



### Abstract

Education and training is the most pressing issue of the day. National competitive power of the state is determined by the level of education, scientific discoveries and new technologies through the development of a new approach to increase the number of trained people, is to have questions about the development of the knowledge and talent of the young generation.

**Key words:** education, science, competition, generation, technology specialist.

### Түйіндеме

Білім беру және оқыту бүгінгі күннің ең өзекті мәселесі болып табылады. Ұлттық бәсекеге қабілетті қуатты мемлекет білім деңгейімен анықталады, ғылыми жаңалықтар мен жаңа технологияларды дамыту арқылы жаңа көзқарастағы білімді мамандардың санын арттыру, білім мен жас ұрпақтың талантын дамыту туралы мәселелер қарастырылған.

**Кілт сөздер:** білім, ғылым, бәсеке, ұрпақ, маман, технология

Қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі - әлеуметтік, экономикалық жағдайларға бейімделген шығармашылық, жоғары интелектілік, терең білімділік, кәсіби сауатты жеке тұлғаны қалыптастыру. Осы бағытта жалпы білім беру мекемелері бәсекеге қабілетті және құзыретті тұлғаны қалыптастыру мен дамыту үшін оқу - тәрбие үрдісін ұйымдастыру ордасы болуы қажет. Осыған орай еліміздегі білім беру мекемелері қазіргі заман талаптарына сәйкес халықаралық деңгейде білім беру мәселелеріне басты назар аударуда. Жеке тұлға, болашақ маманның бәсекеге қабілетті маман ретінде қалыптасуында жан-жақты дамуы, өзіндік көзқарасының қалыптасуы мен ой-өрісінің кеңеюіне, функционалдық сауаттылықтарын кәсіби шеберлікпен ұштастыру үшін нәтижеге бағытталған білім беру үлгісінде әлемдік іс-тәжірибелерді пайдаланып ұлттық деңгейде білім беру, жалпы және кәсіби білімнің қажеттілігін дамыту, ғылым, білім мен мәдениет жетістіктері арқылы болашақ маманның жалпы мәдениеті мен әлеуметтік белсенділікті дамытуға бағытталған танымдық іс-әрекетке ынталандыру үшін білім беру мәселелері айқындалуда. Еліміздің білім беру үрдісінде соңғы уақытта, көбіне, оқушының жалпы білім, білік, дағдысын қалыптастыру ғана басты назарда болып келді. Оқу-тәрбие үрдістері тұлғаның жеке ерекшелігі ескерілмей құрылды. Қазіргі білім беруде бағыттарында әлемдік деңгейге сәйкес өзгерістер болуда. Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда.

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Алматы 2010.6-б

Я.А.Коменскийдің, И.Герbartтың дәстүрлі педагогикасын жаңартып өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылатын дамушы тұлға ретінде қалыптасуына бағыттылған жаңаша білім жүйесі қалыптасты. Жалпы білім беру мен бірге оқыту мен тәрбиелеу жүйесі түбірімен өзгеруде. Тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде қабылданған Қазақстанның стратегиялық дамуының 2030 жылға дейінгі бағыттары жас мемлекеттің ұлы таңдауы болса, қазір біз мемлекетіміз бен экономикамыз нық дамыған жаңа даму кезеңіне қадам басқан елге айналып отырмыз. Енді біздің алдымызда жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның міндеттері тұр, яғни біз білім беру жүйесін әлемдік деңгейге жеткізуіміз қажеттілігі айқындалып отыр. Сондықтан білім беру мекемелерінің білім беру жүйесін өзгертумен бірге мектеп мұғалімдері мен ЖОО-ы оқытушыларына жоғарғы талап қажет. Педагог-оқытушы өз пәнін жетік білетін білімді, қашықтықтан оқыту жүйесі мен әлемдік интернет жүйесін пайдаланып білім беру, күнделікті дәрістерде ақпараттық жаңа технологияларды пайдаланып жаңашыл білім беру, әлемдік ақпараттарды пайдалануды дағдыға айналдыруы қажет.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаева өз Жолдауында: «Он-лайн тәртібінде оқыту тәжірибесін дамытып, елімізде оқулық теледидар құру қажет» - деп ерекше атап көрсеткендей дамыған шет мемлекет оқу орындарының ерекшеліктеріне тән болған Он-лайн жүйесінде білім беру, оқулық теледидарды білім беру мекемелерінде жүзеге асыру қажет. Адам капиталының сапалы өсуі білім беру жүйесінің негізгі мақсаты екенін айқын. Сондықтан халықаралық талаптарға сай мамандар даярлауда оқу үдерісінің заманауи әдістері мен технологиясын енгізу арқылы білім беру сапасын да халықаралық дәрежеге жеткізу – бүгінгі күннің басты талабы. Білім мен ғылым саласын дамыту бағытында халықаралық «Болашақ» бағдарламасы жүзеге асырылып көптеген жастарымыздың дамыған шет мемлекеттерде білім алуына, іс-тәжірибе алмасуына мүмкіншілік болды. Педагог мамандардың біліктілігін арттыру бағытында «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы нәтижелі жұмыстар жүргізуде. Нәтижесінде білім саласы үлкен серпінмен дамуда<sup>2</sup>. Бұл Қазақстан үшін әлемдік стандартқа сай білім алу мүмкіндігін туғызды, білім сапасын жақсартуға ықпал етті. «Білім беруді дамытудың 2020 жылға дейінгі Мемлекеттік бағдарламасы» еліміздің білім беру жүйесінің жұмысын заманауи талаптарға сай, түбегейлі өзгертудің сара жолы десек, артық емес деп ойлаймыз. Ғылымға деген кәсіби көзқарастарын, сүйіспеншілігін қалыптастырып жоғарғы талғамды ғылымға бейімделген жастарды тәрбиелеу, бағыт беру бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналды. Қазақстандық ғылым экономика қажеттіліктеріне бағдарланған болуы тиіс. Осы орайда, Елбасымыздың Жолдауына сәйкес екі ең маңызды мақсат біздің ғылыми зерттеулерімізді әлемдік деңгейге жеткізу және ғылымның инновациялық үрдіске тікелей байланысын қамтамасыз ету. Шынында да білім мен ғылым – келешектің кепілі екендігі рас. Ғылым білімді өндірісе, сапалы білім алу жұмыс күші мен халықтың білімділік сапасын арттырады. Ғылымның қозғаушы күші – білім. Білім мен ғылым бірге болғанда ғана нәтижелі болмақ, яғни жастарға білім бере отырып, оларды ғылымға бейімдеу қажет екендігі айқын. Осыған орай еліміздің орта білім беру мекемелері мемлекетіміздің алдындағы мақсат-міндеттері бойынша жүзеге асыруда. Сонымен бірге оқу жүйесіне әлемдік стандарттар енгізілді. Оқытудың кәсіби бейімделген және модульдік қағидалары, пәнаралық және мәселеге бағытталған оқыту біліктілік құзыреттілік қағидасы нақтыланды. Оқу сапасын жақсарту мақсатында оқытушылардың біліктілігін арттыру, жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді пайдаланып жоғарғы деңгейде білім беру мәселелері қарастырылуда. Бұл мемлекетіміздің болашағы жастарымыздың әлемдік өркениет деңгейіне жетуінің дара жолы.

XXI ғасырдың жан-жақты зерделі, дарынды, талантты ұрпағын қалыптастырудағы білім беру мәселесі мемлекетіміздің басты назарында.

<sup>2</sup> Қазақстан Республикасында 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Астана. 2004ж

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өз Жолдауында: «Біздің болашағымыз өз елі мен жерін сүйетін білімді, саналы, тәрбиелі, дарынды, елжанды ұрпақ. Біз әрқашанда өз дарындарымызды қолдап дұрыс бағыт-бағдар беруіміз қажет. Біздің болашақтағы жоғары технологиялық және ғылыми өндірістеріміз үшін білімді мамандар қорын жасақтауымыз қажет» деп мемлекет болашағы дарынды ұрпақтың қолында екендігін айқындады. Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Бәсекеге қабілетті болу үшін, біріншіден, білім сапасын жоғары деңгейге көтеру қажет. Екіншіден, білім алушылардың біліктілігімен сапалылық құрамы талапқа сәйкес болуы тиіс. Үшіншіден, оқу үрдісі инновацияға негізделуі және төртіншіден, оқу орнының материалдық – техникалық базасы мықты болуы керек. Бәсекеге қабілеттіліктің басты көрсеткіші - жастардың білім деңгейінің жоғары және олардың елжанды, тәрбиелі тұлғалар болып қалыптасуы. Өйткені бүгінгі күнгі жастар - ертеңгі зиялылар. «Тәрбие – ұлы іс, онымен адам тағдыры шешіледі» - деп В.Белинский айтқандай ұрпақ бойына патриоттық, елжандылық, адамгершілік қасиеттерді, саналы тәрбиені дарыта отырып білім беру қажет.

Дүниежүзіндегі дамыған мемлекеттердің үлгі боларлықтай бағытын алып, өз халқымыздың ерекшелігіне, қасиетіне сәйкес келетін тәрбие мен білім беру жүйесін құру қажет. Бірақ шет мемлекеттердің тәжірибелері Қазақстан мемлекеті үшін ерекше көңіл аударарлықтай. Жапония, Қытай, Оңтүстік Шығыс Азия және Скандинавия мемлекеттерінің мәдени-экономикалық қарқынды өркендеуінің себебі жастарды тамыры терең ұлттық идея рухында тәрбиелеп, ұлттық мүдде төңірегінде жұмылдыратын жоғарғы білім жүйесін құра білуінде. Елімізде жаһандануға бел алып әлемдік бәсекелестікке жету үшін, ұлттық идеологияны, ұлттық рухани-мәдени құндылықтарымызды ескере отырып шет елдердің қажетті білім беру реформаларынан тәжірибе алып қуатты білім жүйесін құру негізгі өзекті мәселе.

«Ұстаздық - ұлы іс», деп кемеңгер жазушымыз М.Әуезов айтқандай ұрпақ тәрбиелеуде оқытушыларға қойылар талап өте жоғары. Ұстаз -кәсіби білімді, мәдениетті, ізгі қасиеттерімен зиялы адам, инновациялық жаңа бағыттағы іс-әрекетке әрқашан дайын, жоспар, диагностика, мониторинг жасайтын, жаңа технологиялармен жұмыс жасауға қабілетті, зерттеу талдау жұмыстарын жүргізетін, дарынды ұрпағының қабілетін одан әрі дамыта білетін тұлға болу керек.

Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасында білім беру жүйесінің тартымдылығын арттыру үшін, ең алдымен, педагог мамандардың мәртебесін арттыру, олардың бүкіл қызметі бойына мансаптық өсуі, оқытылуы және кәсіби біліктілігін дамытуды қамтамасыз ету, сондай-ақ педагогтардың еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды арттыру мәселелеріне үлкен мән берілген. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар мен сыңарлы саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының ойлауына, өткені мен бүгіні, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық. Олай болса, білімнің сапалы да саналы түрде берілуі білім беру жүйесіндегі ұстаздардың, зиялылар қауымының деңгейіне байланысты.

Сондықтан білім сапасын арттыру, бәсекеге қабілетті жас ұрпақтарды дайындауда:

Жалпы білім беру салаларында білімді мамандардың дәріс беруін қадағалау;

Әлемдік өркениет деңгейіне білім алуға мүмкіншілік жасауды дамыту;

Дарынды, талантты жастарға қолдау көрсету;

Халықаралық деңгейде білім алуда маңызды роль атқаратын ағылшын тілін оқыту деңгейіне басты назар аудару;

Білім беру мекемелерінің материалдық-техникалық базасын әлемдік деңгейге жеткізу;

Әлемдік іс-тәжірибе бағытында оқытушылардың шет мемлекеттерде тәжірибе алмасу жұмыстарын жандандыру;

Дүниежүзіндегі дамыған мемлекеттердің үлгі боларлықтай бағытын алып, өз халқымыздың ерекшелігіне, қасиетіне сәйкес келетін тәрбие мен білім беру жүйесін құру қажет.

XXI ғасыр - білім ғасыры. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі-оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Сол себептен де білім сапасын арттыру, болашақ маман жас ұрпақтың дарындылығын айқындап, біліміне, ойлау қабілетіне сәйкес білім беру, оқыту, ғылыми ізденіс қабілеттерін қалыптастыру, өзінің білімі мен шығармашылық қабілетін үздіксіз дамыту арқылы жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді, ғылыми жаңалықтар мен әлемдік өркениет іс-тәжірибелерін білім беруде пайдаланып ұрпақтың, болашақ маманның жан-жақты дамуына барлық мүмкіншіліктерін қарастыру білім саласындағы еңбек жолында жүрген әрбір оқытушының басты міндеті.

### **Пайдаланған Әдебиеттер**

- 1.Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Алматы 2010.6-б
- 2.Қазақстан Республикасында 2015жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы //Астана. 2004. 3-4б.
- 3.Қазақстан бағдарламасы // Астана . 2004. 28-б Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік
- 4.С.Е. Шишов. Понятие компетенции в контексте проблемы качества образования // «Государство и образование», 2002. 88-б